

Күршім ауданы Сарыөлең ауылдық округіндегі Сарыөлең, Барақ батыр және Бірлік ауылдарындағы көшелерді қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Сарыөлең ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 17 мамырдағы № 2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 мамырда № 28103 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы қорытындысының негізінде, Сарыөлең, Барақ батыр және Бірлік ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып, **ШЕШТІМ:**

Сарыөлең ауылдық округінің Сарыөлең ауылындағы көшелері қайта аталсын:

Лесная көшесі Қабанбай батыр көшесіне;

Садовая көшесі Абылайхан көшесіне;

Торговая көшесі Төле би көшесіне;

Юбилейная көшесі Әл-Фараби көшесіне;

Курчумская көшесі Қазыбек би көшесіне.

Сарыөлең ауылдық округінің Барақ батыр ауылындағы Школьная көшесі Серік Лұқпанов көшесі деп қайта аталсын.

Сарыөлең ауылдық округінің Бірлік ауылындағы көшелері қайта аталсын:

Экибастузская көшесі Жамбыл көшесіне;

Школьная көшесі Төле би көшесіне;

Комарова көшесі Бәділбек Рысбаев көшесіне.

4. "Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Сарыөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Күршім ауданының
Сарыөлен ауылдық округінің әкімі*

С. Аксартов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ